

# "БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

---

---

## **Мақұлданды**

Стратегия, тәуекелдер, кадрлар,  
сыйақылар және әлеуметтік мәселелер  
жөніндегі "Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесі  
Комитетінің шешімімен

(2015 жылғы 12 наурыздағы  
отырыстың № 3 хаттамасы)

## **Бекітілді**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

(2015 жылғы 19 наурыздағы  
отырыстың № 5 хаттамасы)

2015 жылғы 29 маусымнан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## **Қызмет көрсететін банктерді және есепке алу ұйымдарын анықтау ҚАҒИДАСЫ**

---

---

Алматы қ.

2015

Осы Қағида Қаржы нарығының<sup>1</sup> инфрақұрылымдарына арналған қағидаларға сәйкес әзірленді және қызметтерін "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) депозитарлық қызметті, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырған кезде, сондай-ақ Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар нарығында төлем агенті қызметін көрсеткен кезде пайдаланатын банктерді және өзге қаржы ұйымдарын анықтау шарттары мен тәртібін анықтайды.

1. Осы Қағиданың мақсатында:
  - 1) Орталық депозитарийдің атына оның клиенттеріне тиесілі ақшаны есепке алу үшін ақша шотын ашқан (ақша шоттарын ашқан) ұйым қызмет көрсететін банк деп түсініледі;
  - 2) Орталық депозитарийдің атына оның клиенттеріне тиесілі өзге қаржы құралдарының және/немесе бағалы қағаздарды номиналды ұстаушының шотын ашқан (шоттарын ашқан) ұйым есепке алу ұйымы деп түсініледі.
2. Қызмет көрсететін банктер және есепке алу ұйымдары келесі ұйымдар ғана болуы мүмкін (осы Қағиданың 3-тармағымен белгіленген шектеулерді ескеріп):
  - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
  - 2) "Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" АҚ (есепке алу ұйымы ретінде ғана);
  - 3) Clearstream тобына немесе Euroclear тобына кіретін халықаралық депозитарийлер;
  - 4) мемлекеттердің заңнамасына сәйкес орталық депозитарийлер болып табылатын мемлекеттік тіркеудегі немесе мемлекеттікке тенеелетін өзге тіркеудегі ұйымдар;
  - 5) осы Қағиданың 4-тармағымен белгіленген критерийлерге сәйкес келетін ұйымдар (осы Қағиданың 5–8 тармақтарымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
3. Қызмет көрсететін банктер мен есепке алу ұйымдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен және "Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" АҚ-дан, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларынан басқа өзге ұйымдар бола алмайды.
4. Қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде анықтауға болжанатын және осы Қағиданың 2-тармағының 1)–4) тармақшаларында көрсетілген санға кірмейтін ұйымға мынадай критерийлер қойылады:
  - 1) осы ұйымда Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А+" кем емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік бағасы не Fitch Ratings немесе Moody's Investors Service рейтингілік агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы болуы тиіс;
  - 2) осы ұйымда 10 млрд АҚШ долларынан кем емес баламалы мөлшерде меншікті капиталы болуы тиіс;

---

<sup>1</sup> Бағалы қағаздар жөніндегі комиссияның халықаралық ұйымының техникалық комитеті мен Төлемдер және есеп айырысу жүйелері жөніндегі комитеттің "Қаржы нарығының инфрақұрылымы үшін қағидаттар" деген 2012 жылғы сәуірдегі баяндамасы.

- 3) (қызмет көрсететін банк ретінде анықтау үшін) мемлекеттік тіркеудегі немесе мемлекеттікке теңелетін өзге тіркеудегі осы ұйымның мемлекеттің заңнамасына сәйкес банктің мәртебесі болуы тиіс;
  - 4) (есепке алу ұйымы ретінде анықтау үшін) мемлекеттік тіркеудегі немесе мемлекеттікке теңелетін өзге тіркеудегі осы ұйымда номиналды ұстаушының мәртебесі және мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа номиналды ұстаушының шоттарын ашуға құқығы бар болуы тиіс;
  - 5) осы ұйым реттеу және қадағалау объектісі болуы тиіс;
  - 6) осы ұйымда қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз ету жоспары (рәсімдері) болуы тиіс;
  - 7) осы ұйым өзінің клиенттеріне нақты уақыт режимінде, атап айтқанда осы шоттар бойынша қалдықтар және ақшаның соңғы қозғалысы (бағалы қағаздар, өзге қаржы құралдары) туралы барынша аз ақпаратты осы ұйым жүргізетін шоттар бойынша ақпаратты алу мүмкіндігін ұсынуы тиіс.
5. Осы Қағиданың 2-тармағының 1)–4) тармақшаларында көрсетілген сандағы ұйым Орталық депозитарийдің органдары қандай да бір ресми шешімдерді қабылдамастан қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде анықталады.
- Осы Қағиданың 2-тармағының 1)–4) тармақшаларында көрсетілген санға кірмейтін ұйым Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде анықталады.
6. Директорлар кеңесіне қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде қандай да ұйымды анықтау туралы мәселені қарау үшін оған мынадай материалдар мен ақпарат берілуі тиіс:
- 1) мынадай мазмұндағы түсіндірме жазба:

Орталық депозитарийдің атына шотты (шоттарды) осы ұйымның ашу қажеттілігін негіздеу;

ұқсас қызметті жүзеге асыратын басқа ұйымдар алдындағы осы ұйымның артықшылықтарын сипаттау (осындайлар бар болса);

осы ұйыммен Орталық депозитарийдің қазіргі (бұрынғы) қатынастары туралы ақпарат;
  - 2) осы Қағиданың 4-тармағымен белгіленген критерийлерге осы ұйымның сәйкестігін бағалау нәтижелері туралы мәліметтер;
  - 3) осы ұйымның қызметінің құны және ілеспе шығыстар туралы мәліметтер, соның ішінде салыстырмалы мәліметтер;
  - 4) осы ұйымға қатысты өзге елеулі ақпарат.
7. Осы Қағиданың 4-тармағымен белгіленген критерийлерге қандай да ұйымның формальды сәйкестігі Директорлар кеңесіне осы ұйымды қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде анықтау жөніндегі міндеттемелерді жүктемейді.
8. Қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде анықтауға болжанатын ұйым осы Қағиданың 4-тармағымен белгіленген критерийлерге

сәйкестігін бағалау барысында Орталық депозитарий кез келген қолжетімді және сенуге тұратын, соның ішінде осы ұйымның, рейтингтік агенттіктердің, реттеуші және қадағалау органдарының ресми интернет-сайттарында орналастырылған материалдар мен ақпаратты, сондай-ақ осы ұйымның сұратуы бойынша Орталық депозитарийге ұсынған материалдары мен ақпаратын пайдаланады.

9. Директорлар кеңесі қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде қандай да бір ұйымды анықтау туралы шешім қабылдаған жағдайда Орталық депозитарий осы ұйыммен сәйкесінше шартты жасайды.
10. Орталық депозитарий жыл сайын осы Қағиданың 4-тармағымен белгіленген критерийлерге есепке алу ұйымдарының және қызмет көрсеткен банктердің сәйкестігіне жыл сайын тексереді, сондай-ақ тұрақты негізде есепке алу ұйымдары мен қызмет көрсететін банктердің Орталық депозитарий мен олардың арасында жасалған шарттардың талаптарын сақтауын бақылауды тұрақты негізде бақылайды.

Қызмет көрсететін банк және/немесе есепке алу ұйымы ретінде бұрын анықталған ұйымның осы Қағиданың 4-тармағымен белгіленген талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеген жағдайда және/немесе осы ұйымның жасалған шарт талаптарын бұзған жағдайда Орталық депозитарий Басқармасы Директорлар кеңесіне қызмет көрсететін банктердің (есепке алу ұйымдарының) қатарынан осы ұйымды алып тастау туралы мәселені енгізеді.

Осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген міндеттерге қарамастан, Орталық депозитарийдің Басқармасы жылына бір реттен кем емес Директорлар кеңесіне осы Қағиданың 4-тармағымен белгіленген критерийлерге есепке алу ұйымдарының және қызмет көрсететін банктердің сәйкестігі туралы есепті береді.

11. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Орталық депозитарийдің жарғысына, ішкі құжаттарына, сондай-ақ Орталық депозитарий органдарының және белгіленген тәртіппен лауазымды тұлғалардың құзіреті шегінде қабылданған шешімдеріне сәйкес шешіледі.

Президент

Б.Х. Капышев